

**«Жаңа жағдайдағы экономикалық даму: Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты және құқықтық реттеуді жетілдіру» тақырыбындағы Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенаты

2020 жылғы 4 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсеткендей, шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) дамыту жөніндегі жұмыстың басты нәтижесі 2025 жылға қарай ЖІӨ-дегі оның үлесін 35% - ға дейін, ал жұмыспен қамтылғандар санын 4 миллион адамға дейін ұлғайту болуы тиіс.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясат пен құқықтық реттеуді дамыту және жетілдіру жөніндегі мәселелер басым мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгін еліміздің алдында Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау және оны тиімді құқықтық реттеу міндеті тұр.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шарттар мен кепілдіктерді жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылдау мақсатында парламенттік тыңдауға қатысушылар мынадай **ҰСЫНЫМ ЖАСАЙДЫ:**

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ:

Қолданыстағы жүйені жетілдіру және ШОБ субъектілеріне мемлекеттік қолдау алу рәсімдерін оңайлату бойынша:

1.1. Бағдарламалық құжаттардың, оның ішінде Бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы - 2020», «Бизнестің жол картасы - 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы, 2020 – 2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, 2017 - 2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұсынылатын және көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізсін және ұсыныстар дайындасын;

1.2. «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қолдаудың бірыңғай ақпараттық порталы түрінде «Бизнеске арналған үкімет» сервисін сапалы іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

1.3. экономиканың зардап шеккен салаларының тізбесіне, оның ішінде ШОБ субъектілері бөлігінде оның кеңею мүмкіндігі тұрғысынан талдау жасасын;

1.4. шектеу іс-шараларын енгізу практикасына талдау жүргізісін, олардың қолданылу тәртібін жетілдіру мәселесін пысықтасын;

1.5. «Нұрлы жер» Тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыс істейтін азаматтарға тұрғын үйлер, оның ішінде жалға берілетін тұрғын үйлер салуға жеке құрылыс салушыларға субсидиялар беру мүмкіндігін қарастырсын;

1.6. өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері өндіретін тауарлар; отандық өнімге қажеттілігі бар жобалар; нарықтың, халықтың, өңірлердің және шығарылатын өнімнің қажеттіліктері; ірі өнеркәсіптік жобалар; өнеркәсіптік кәсіпорындар талап ететін әзірлемелер бойынша ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру; өнімді сертификаттау, техникалық реттеу, ұлттық стандарттар және т. б. жөніндегі өзекті ақпарат туралы мәліметтерді қамтитын онлайн режимде **өнеркәсіптің жаңа ақпараттық жүйесін құру** және енгізу мүмкіндігін қарастырсын;

1.7. Жалпы ақпараттық-талдау базасын, негізгі көрсеткіштерді (өндірілетін өнім көлемі, рентабельділік, инвестициялық жобаны аяқтаған және инвестициялық жобаның пайдалану кезеңіне өткен орталық немесе өңірлік деңгейде іске асырылған салық аударымдары, мультипликативтік әсер және т.б.) талдай отырып, іске асырылған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының жобаларын онлайн жұмыс режимінде қалпына келтіру мүмкіндігін қарастырсын.

Шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша:

1.8. ШОБ қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде құжаттардың қайталануын және қайшылықтарын болдырмау, құжаттарды оңтайландыру, құқықтықтан профилактикалыққа көше отырып бақылауды жетілдіру бөлігінде толық тексеру жүргізісін;

1.9. Кәсіпкерлерге тиімсіз талаптар қоюды, бизнестің автоматтандырылмаған есептілігін болдырмауды, екінші санаттағы рұқсаттарды азайтуды, «кәсіпорындар диагностикасы» қағидаттарын қолдануды көздейтін «таза парақтан бастап» реттеуді енгізу арқылы **реттеушілік әсерді талдау институтын** жетілдірсін;

1.10. мемлекеттік қолдау көрсетуді кеңейту мақсатында Шағын кәсіпкерлік субъектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілері санатынан бөліп көрсету мүмкіндігін қарастырсын;

1.11. мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында «Кәсіпкерлердің адалдық презумпциясы» қағидатын бекіту мәселесін пысықтасын;

1.12. «заңдылық» қағидатын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындасын;

1.13. жер қойнауын пайдаланушылар сатып алатын тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтылымның үлесін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдасын;

1.14. салық заңнамасын жетілдіру бойынша:

- микрокәсіпкерлік субъектілері үшін цифрландыру құралдарын қолдануды қоса алғанда, салықтық әкімшілендіруді оңайлату жөнінде шаралар қабылдасын;

- бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне жатқызу мәселесін қарастырсын, салық жеңілдіктерін беруді бағалау және ретке келтіру, экономика салаларындағы экономикалық мүдделердің теңгерімсіздігін жою мақсатында салық жеңілдіктерін қолданудың тиімділігін бақылауды жүзеге асырсын;

- ШОБ субъектілерінің салық режимін одан әрі жеңілдету, салықты кейінге қалдыруды ұсыну мүмкіндігін қарастырсын;

1.15. мынадай бөліктерде жер қатынастары саласын реттеуді жетілдіру бойынша талдау жүргізсін және ұсыныстар дайындасын:

- бос жер учаскелері және жоспарланып отырған сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) туралы ақпаратты интернет-ресурста (мамандандырылған геоақпараттық порталдарды қоса алғанда) және деректерді үнемі жаңартып отыратын, халық үшін қолжетімді орындардағы арнайы ақпараттық стендтерде орналастыру арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің осы ақпаратқа қолжетімділігін кеңейту;

- елді мекендердегі жерлердің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімдерін оңтайландыру, оның ішінде артық келісу рәсімдерін алып тастау арқылы оңтайландыру;

- уәкілетті органдардың заңсыз іс-әрекеттері салдарынан алып қоюға жол бермеу үшін мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін алып қоюдың негіздерін нақтылау.

2. ҮКІМЕТ ҰЛТТЫҚ БАНКПЕН, ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІМЕН БІРЛЕСІП:

2.1. кредиттеу шарттарын жеңілдету, кредиттерді өтеу тәртібі мен кестесін оңтайландыру, екінші деңгейдегі банктермен қатар микроқаржы ұйымдарын тарту, субсидияланатын пайыздық

мөлшерлемелер бойынша ШОБ-қа кредит беруге қатысу арқылы ШОБ-ты кредиттеуді қамтуды кеңейту жөнінде шаралар дайындасын;

2.2. COVID-19-ға байланысты жағдай толық тұрақталғанға дейін ШОБ субъектілерін қолдаудың мынадай шараларын іске асыру мүмкіндігін қарастырсын:

- қолданыстағы несиелер бойынша төлем кестесін жеңілдету;

- covid-19-ға байланысты жағдай толық тұрақталғанға дейінгі мерзімге кредиттік шарттар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жазбау;

2.3. оларды іске асыру үшін бағдарламалық құжаттар шеңберінде қаржылық қолдау көрсетілетін жобалардың қаржы-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесін бекітсін;

2.4 микроқаржы ұйымдарының және қаржылық қызметті жүзеге асыратын басқа да ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейту бойынша талдау жүргізісін және ұсыныстар дайындасын.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ елдің ақша-кредит саясатының **ынталандырушы** рөлін қамтамасыз ету, оның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **базалық мөлшерлемесін төмендету** мүмкіндігі бойынша шаралар қабылдасын.

4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ:

4.1. ШОБ өндіретін өнімді өткізу нарығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында жеке инвесторлар есебінен, соның ішінде МЖӨ шеңберінде көтерме-бөлу орталықтарын қамтитын **Ұлттық тауар өндіру жүйесін**, құру бойынша жұмысты жандандырсын;

4.2. ШОБ субъектілері өндірген өнім экспортын ілгерілетуді қамтамасыз ету, жеткізу географиясын ұлғайтуға және бизнесті кеңейтуге мүмкіндік беретін қаржылық және қаржылық емес қолдау алу мақсатында **«Бір терезе»** тетігін дамыту бойынша нақты шаралар дайындасын және ұсынсын;

4.3. Саудадағы көлеңкелі экономиканың үлесін төмендету, сауданы ритейлерлендіру деңгейін жақсарту және сауда желілері мен қазіргі заманғы көтерме нарықтар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды қоса алғанда, ішкі нарық субъектілерінің қатысуымен ішкі сауданы дамытуға бағытталған шаралар дайындасын.

5. БАС ПРОКУРАТУРА УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСІП, Қылмыстық кодекстің және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қолданылу практикасына талдау жасасын және мыналар бойынша ұсыныстар әзірлесін:

5.1. лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзғаны және жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бару арқылы бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын негізсіз жүргізгені үшін жауапкершілікті күшейту;

5.2. рейдерлік және заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту.

Результаты согласования

22.12.2020 09:54:23: Уашова З. К. (Отдел по взаимодействию с комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству) - - согласовано без замечаний

22.12.2020 10:04:28: Султанов Е. Х. (Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству) - - согласовано без замечаний

22.12.2020 14:13:40: Уакпаев М. С. (Руководство Аппарата Сената) - - согласовано без замечаний

22.12.2020 14:42:37: Султанкулова Ж. К. (Отдел по взаимодействию с комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству) - - согласовано без замечаний

Результат подписания

22.12.2020 16:10:13 Абдиров Н. М.. Подписано